

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына пікіртерім нәтижелері

2019 ж. II тоқсан




Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ақша – кредит саясаты департаменті

- I. Мониторинг қатысушыларының құрамының динамикасы (3-бет)
- II. Дайын өнімге сұраныс серпіні (4-бет)
- III. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (5-бет)
- IV. Өндіріс көлемінің өзгеруі (6-бет)
- V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)
- VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)
- VII. Инвестициялық белсенділік (9-бет)
- VIII. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (10-11 бет)
- IX. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (12-13 бет)
- X. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (14-бет)
- XI. Композиттік индикатор (15-бет)
- XII. Әдіснамалық түсініктеме (16-бет)



МОНИТОРИНГ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ


2019 жылдың 2-тоқсанында мониторингке қатысушылардың өңірлік құрамы




2019 жылдың 2-тоқсанында сауалнама қатысушыларының саны 27 кәсіпорынға артты. Сауалнамаға 12 ірі, 10 шағын кәсіпорын және 5 орта кәсіпорын тартылды.

Іріктеменің салалық құрамында ең жоғары өсім құрылыс және қызмет көрсету саласында орын алды.

Мониторингке қатысушылардың салалық құрамы



Мониторингке қатысушылардың өлшем құрамы






ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ

2019 жылдың 2 – тоқсанында экономикада дайын өнімге сұраныстың өсу қарқыны баяулады: диффузиялық индекс (бұдан әрі – ДИ) 54,3 құрады. Сұраныстың өсу қарқынының баяулауы тауарлар мен қызметтер үшін орын алды (ДИ = 55,1 и 53,5 сәйкесінше). Кәсіпорындардың бағалауы бойынша өңдеу өнеркәсібінің дайын өніміне деген сұраныс кен өндіру өнеркәсібіне қарағанда көбірек өсті. Жалпы, сұраныстың өсуін барлық салалардың кәсіпорындары атап отыр.

Кәсіпорындардың күтімі бойынша 2019 жылдың 3 тоқсанында олардың дайын өнімге деген сұраныстың өсу қарқынының біршама төмендеуі күтілуде (ДИ = 53,1), сұраныстың өсу қарқынының баяулауы экономиканың барлық салаларында болмақ.

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

		2018			2019		
Кәсіпорындар жауаптары, %		2 тоқ.	3 тоқ.	4 тоқ.	1 тоқ.	2 тоқ.	3 тоқ.**
Ұлғаю	1	28,1	27,7	26,3	16,0	26,7	22,2
Өзгеріссіз	2	50,9	51,9	49,2	53,9	53,4	42,8
Төмендеу	3	20,7	19,9	23,9	28,7	18,0	8,2
Диффузиялық индекс = $1\text{жол} + 0,5 * 2\text{жол}$	4	53,6	53,6	50,9	43,0	53,4	43,6
ДИ маусымдық өзгерістерден тазартылған*	5	49,6	50,1	51,8	56,3	54,3	53,1



*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;


** 2019 жылдың 3-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ




2019 жылдың 2 тоқсанында кәсіпорындардың дайын өніміне деген бағаның өсу қарқыны айтарлықтай өзгерген жоқ (ДИ = 57,9). Дайын өнім бағасының азын-аулақ өсу қарқыны өңдеу және кен өндіру саласында байқалған. Сонымен қатар, шикізат пен материалдарға деген бағаның өсу қарқынының экономиканың барлық салаларында төмендеді (ДИ = 65,5).

Кәсіпорындардың күтімі бойынша, 2019 жылдың 3-тоқсанында шикізат пен материалдарға және сондай-ақ дайын өнімге деген бағаның өсу қарқынының төмендеу үрдісінің жалғасуы күтілуде (ДИ = 54 және 62,4 сәйкесінше).

Дайын өнім бағалары, ДИ *



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*



*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;


** 2019 жылдың 3-ші тоқсаны үшін күтулер келтірілген.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ


2019 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындардың өндірістік қуат көздерін қолдану деңгейі біршама өсті. Өндірістік қуат көздерінің қолданылу (ӨҚКҚ) деңгейі 70%-дан* жоғары кәсіпорындардың үлесі 2019 жылғы 1-тоқсандағы 31,5%-дан 34,9 %-ға дейін өсті. Нәтижесінде, 2019 жылдың 2-тоқсанында өндіріс көлемі де артты (ДИ = 54,5). Өткен жылдардың динамикасы бұл өзгерістің мезгілдік сипатын білдіреді.

2019 жылдың 3-тоқсанында кәсіпорындар өндіріс көлемін жоғарылатуды жалғастыруға ниетті (ДИ = 57,5). Бұл өзгерістің мезгілдік сипатына қарамастан, жалпы кәсіпорындардың өндіріс көлемінің өзгерісінде оң динамика қалыптасты.

Өндірістік қуат көздерін қолдану деңгейі
(% жауаптар)



Өндіріс көлемі (ДИ)
(50=өткен тоқсанмен салыстырғанда өзгеріс жоқ)



*ӨҚКҚ деңгейі 70%-дан жоғары кәсіпорындар үлесіне ӨҚКҚ деңгейі 70-90% және ӨҚКҚ деңгейі 90%-дан жоғары кәсіпорындар кіреді.

**ДИ-диффузиялық индексі. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

*** 2019 жылдың 3-ші тоқсаны үшін күтулер келтірілген.




БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР

2019 жылдың 2-тоқсанында экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың активтер құрылымында ұзақ мерзімді активтер үлесі артып 70,9% құрады, сәйкесінше қысқа мерзімді активтер үлесі 29,1%-ға дейін төмендеді.

Дебиторлық берешек қысқа мерзімді активтердің негізгі бөлігі болып қалып отыр (44,6%). Басқа қысқа мерзімді активтер 31,6%, ал қорлар 23,8% құрады.

Активтердегі айналым қаражатының үлесінің салыстырмалы түрде тұрақтылығы аясында, активтер айналымдылығы мен айналым қаражатының айналымдылығы өсіп 15,5% және 53,3% құрады.







БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

2019 жылдың 2-тоқсанында пассивтер құрылымы айтарлықтай өзгерген жоқ: меншікті қаражаттың үлесі 46,6%, ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесі 28,9%, ал қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі 24,5% құрады. Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымында қысқа мерзімді банк несиелерінің үлесі азайды (16,8%-дан 15,4%-ге дейін), қысқа мерзімді міндеттемелердің шамамен жартысы кредиторлық берешекке тиесілі (50,7%).

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрамында ұзақ мерзімді банк несиелері 48,5% құрады.

Мерзімі өткен міндеттемелер бойынша жағдай да аздап жақсарды: баланста мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі – 27,4%, мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі – 21,3%, мерзімі өткен банк несиелері бар кәсіпорындар үлесі 2,7% құрады.




ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

2019 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі әрқалай болды. Негізгі құралдарды қаржыландыру бойынша инвестициялық белсенділік артып, ал айналым қаражатын қаржыландыру төмендеді. Кәсіпорындардың көпшілігі негізгі құралдар мен айналым құралдарын меншікті қаражат есебінен қаржыландырады (64,4% және 79,9%, сәйкесінше).


Банк несиелерін негізгі құралды қаржыландыру мақсатында 5,6% кәсіпорын, ал айналым қаражатын қаржыландыру мақсатында 14,9% кәсіпорын пайдаланды.

Кәсіпорындардың қаржыландыру мүмкіндігін шектейтін негізгі факторлар болып қаржы-қаражаттың жеткіліксіздігі (кәсіпорындардың 29%-ы үшін) және өзге кәсіпорындар тарапынан жоғары бәсекелестік (кәсіпорындардың 22,5%-ы үшін) табылады.


Негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру көздері



Айналым қаражатын қаржыландыру көздері



Кәсіпорындардың қаржыландыру қабілетін шектеуші негізгі факторлар




ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ


2019 жылдың 2-тоқсанында өндіріс көлемін және қызметкерлер санын төмендетпеген кәсіпорындар үлесі жоғарылады немесе өзгерген жоқ (68,6% -дан 65,7%, сәйкесінше). Еңбек өнімділігі төмендемеген кәсіпорындар үлесі азайды (71,3%-дан 70,8% дейін).

Өтімділігі жақсы кәсіпорындар саны төмендеді (35,1%-ге дейін) ағымдағы өтімділік коэффициентінің орташа мәні өзгермеді. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің орташа мәні (1,2) мен жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің орташа мәнінің (1,9) арасындағы айырмашылық кәсіпорындар үшін ұзақ мерзімді берешекті өтеу қысқа мерзімді берешекті өтеуге қарағанда оңайрақ болып табылатынын білдіреді.

Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері




Кәсіпорындар өтімділігі мен төлемге қабілеттілігі




ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРІСІ

2019 жылдың 2-тоқсанында нақты сектор бойынша сату рентабельділігі* төмен кәсіпорындар үлесі 20,3%-дан 21,4%-ға дейін артты, орташа және жоғары сату рентабельді кәсіпорындар үлесі 40%-ға және 38,3%-ға дейін, сәйкесінше жоғарылады. Кен өндіру өнеркәсібіндегі орташа сату рентабельділік көрсеткіші өңдеу өнеркәсібіне қарағанда әлдеқайда жоғарырақ (46,1% және 21,3%, сәйкесінше).

Сату рентабельділігі, % -бен



Сатудың рентабельділігінің деңгейі бойынша кәсіпорындардың жіктелуі



*Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

**Орташаарифметикалық деңгейдің экстремалды мәндердің әсеріне тәуелді болғандықтан медианалық мәндер келтірілген




БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ


2019 жылдың 2-тоқсанында сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың 19,9%-ы банктен кредит алуға өтініш беріп, 17,5%-ы несие алды (немесе несие алуға өтініш берген кәсіпорындардың санының 87,9%). Сонымен қатар, несие ала алмаған кәсіпорындар үлесі сауалнамаға қатысушылардың 2,4%-н құрады.

2019 жылдың 3-тоқсанында несие алуға ниеті бар кәсіпорындардың үлесі 15,3%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінде бұл көрсеткіш 22,8%-ды, ал кен өндіру өнеркәсібінде 9,5%-ды құрады.


Несиеге сұраныс
(банктен несие алуға өтініш берген кәсіпорындар үлесі, %)



Банктердің несие алуға кәсіпорындар берген несие алуға өтініштерін қарауы, %



Несие алуға өтініш берген, бірақ алмаған кәсіпорындар үлесі, %





БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ



2019 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындар несиелендірудің бағалық (несиелендіру бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағалық емес (несиелендірудің ең жоғарғы мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, кепілге қойылатын талаптар) шарттарын жалпы теріс бағалады. Бұл ретте, несиелеудің бағалық және бағалық емес шарттарын теріс бағалаған кәсіпорындар саны біртіндеп төмендеп жатыр.

Мониторингке қатысушы кәсіпорындардың ішінде теңгемен алынған несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме жоғарылап 12,7% құрады, шетел валютасымен алынған несиелер бойынша, керісінше, орташа пайыздық мөлшерлеме аздап төмендеді (6,8%). Кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлеме теңгемен берілетін несиелер бойынша 7%, ал шетел валютасымен - 3,1% болып табылады.

Несиелеу талаптарының өзгеруі



Несиелер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер






*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ

2019 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындардың экономикалық жағдайына теңге бағамының шетел валюталарына қатысты өзгерісінің әсері әртүрлі болды. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгерісі шаруашылық қызметіне теріс әсер еткен кәсіпорындар үлесі азайды. Ал, теңге бағамының евроға және ресей рубліне қатысты өзгерісі экономикалық жағдайына кері әсер еткен кәсіпорындар үлесі артты. Теңгенің ресей рубліне қатысты өзгерісінен 35,5% кәсіпорын, евроға қатысты өзгерісінен 22,5% кәсіпорын және АҚШ долларына қатысты өзгерісінен 34,7% кәсіпорын зардап шекті.

Есеп айырысу барысында қолданылатын негізгі валюталар болып ресей рублі (кәсіпорындардың 52,9%-ы) мен АҚШ доллары (кәсіпорындардың 45,8%-ы) қалып отыр.




КОМПОЗИТТІК ИНДИКАТОР*

2019 жылдың 2-тоқсанында композиттік индикатордың (КИ) динамикасы нақты сектордағы іскерлік белсенділіктің қалыпты қарқынмен төмендеу үрдісін көрсетеді.

Қуат көздеріне әлемдік бағаның төмендеуіне қарамастан, композиттік индикатордың 2019 жылдың 2-тоқсанындағы динамикасына теріс әсерін тигізген факторлар: теңгемен алынған несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеменің өсуі және айналмалы қаражатты меншікті қаражат арқылы қаржыландыратын кәсіпорындар үлесінің төмендеуі. Нәтижесінде КИ 2019 жылдың 1-тоқсанына қарағанда аздап төмендеп 100,1 құрады.

2019 жылдың 3-тоқсанында кәсіпорындар экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуінің жалғасуы күтуде (КИ 100,0 құрады). Бұл кен өндіру өнеркәсібінің дайын өніміне деген сұраныстың өсу қарқынының күтілетін төмендеуімен және экономикадағы бағалар өсімінің бәсеңдеуіне байланысты.



- Композиттік индикатор іскерлік циклдің бұрылу нүктелерін анықтау үшін қолданылады, сондай-ақ экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты бойынша сапалы ақпарат ұсынады. Композиттік индикатор кәсіпорындардың ағымдағы және күтілетін жағдайына қатысты сұралған кәсіпорындардың басшылары көзқарасының жалпылама бағалауын білдіреді және нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар. Индикатор мен нақты ЖІӨ-ді (2005 жылдың орташа жылдық бағалары) есептеу барысында маусымдықтан тазарту және Ходрик-Прескотт әдісімен тренд жою жасалған. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған.

** 2019 жылдың 3-ші тоқсаны үшін КИ сауалнамаға қатысушы кәсіпорындардың күтімдері негізінде есептелген.



➤ Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын қорытынды индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеруі (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.

➤ Банктердің кредиттері бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда қолайлыретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.

➤ Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың іріктеуі бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (өйткені есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.

➤ Композиттік индикатордың (КИ) нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар*. КИ-дің және ЖІӨ-нің уақыт қатарлары (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.

КИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеті бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кірді:

- 1) Экономиканың салаларында дайын өнімге сұраныстың өзгеруінің ДИ-і
- 2) бағалар өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
 - бүкіл нақты сектор бойынша бағалар өзгерісінің ДИ-і,
 - шикізат пен материалдар бағаларының өзгерісінің ДИ-і;
- 3) инвестициялық және кредиттік белсенділіктің өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
 - негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру үшін кредит алған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаларды қоса алғанда),
 - меншікті қаражат пен банктердің несиелерінен бөлек негізгі құрал-жабдықтар мен айналмалы қаражатты қаржыландыру үшін басқа көздерді пайдаланған кәсіпорындардың үлесі;
 - кредит алған кәсіпорындардың үлесі,
 - кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі,
 - теңгедегі және шетел валютасындағы кредиттер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі;
- 4) жұмыспен қамту деңгейінің индикаторы: қызметкерлерінің саны төмендемеген кәсіпорындардың үлесі;
- 5) кәсіпорындардың қызметіне теңгенің валюталық бағамының өзгерістері (АҚШ долларына, еуро және ресей рубліне) әсер ететін индикатор.

